

№4 ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС КЕСТЕЛЕР ТҰРҒЫЗУ

Жұмыс мақсаты студенттерге:

- кесте тұрғызуға керекті негізгі тәгтерді пайдалануды,
- HTML-құжаттарында кесте тұрғызуды үйрету болып табылады.

Кесте тұрғызу <TABLE> және </TABLE> тәгтері көмегімен орындалады, оның әрбір жолын анықтау – <TR> және </TR> тәгтері арқылы, ал сол жолдардағы бағаналар – <TD> және </TD> немесе <TH> және </TH> тәгтері арқылы анықталады. <TD> және <TH> тәгтерінің жұмысы ұқсас, бірақ <TH> тәгтерімен қоршалған мәтін қарайтылған бағана тақырыптары болып табылады да, <TD> тәгтерімен одан кейінгі қарапайым бағаналар жазылады.

Кесте тақырыбы <CAPTION> және </CAPTION> тәгтерімен қоршалып жазылады. Жалпы кестені толық анықтау ережесі төмендегі үлгімен беріледі:

```
<TABLE ALIGN="align" BGCOLOR="#rrggbb" BORDER="integer"
      BORDERCOLOR="#rrggbb" WIDTH="integer">
</TABLE>
```

Бірақ кесте тұрғызу кезінде олардың кейбірі қолданылмауы да мүмкін. Енді осы кесте тәгі атрибуттарының атқаратын жұмысына тоқталайық:

ALIGN атрибуты кестенің шет жақтарға туралануын анықтайды (көрсетілмесе, келісім бойынша сол жақ шетке). **ALIGN** мәні – қостырнақша ішіндегі сөз – мына сөздердің біріне сәйкес келуі тиіс: **LEFT** (сол жақ шетке), **CENTER** (ортаға), **RIGHT** (оң жақ шетке).

BGCOLOR кесте торының ішкі фон түсін тағайындайды (он алтылық RGB форматындағы сан немесе ағылшын тіліндегі белгіленген түс атауы).

BORDER – бүтін сан, кесте жақтаулары сызығының пиксельмен берілген қалыңдығы. Егер **BORDER** берілмесе, жақтау сызықтары көрсетілмейді.

BORDERCOLOR жақтау сызықтарының түсін тағайындайды (он алтылық RGB форматындағы сан немесе ағылшын тіліндегі белгіленген түс атауы); **BORDER** атрибутымен бірге қолданылады.

WIDTH – кесте енін анықтайтын бүтін сан, оның мәні пиксельмен немесе пайызбен (%) беріледі.

Кесте тақырыбы <CAPTION> тәгімен төмендегі ережеге сәйкес беріледі:

```
<CAPTION ALIGN="align" VALIGN="valign"> </CAPTION>
```

Мұндағы <CAPTION> тәгінің төмендегідей атрибуттары болады.

ALIGN атрибуты кесте тақырыбын шет жақтарға туралайды, оның мәні **LEFT**, **CENTER** (көрсетілмесе, келісім бойынша осы мән қабылданады), **RIGHT** сөздерінің біріне сәйкес келуі тиіс.

VALIGN атрибуты кесте тақырыбын вертикаль бағытта туралайды, ол **TOP**, **MIDDLE**, **BOTTOM** (келісім бойынша осы мән қабылданады), **BASELINE** сөздерінің бірін мән ретінде қабылдай алады.

Кесте жолы <TR> және </TR> тәгтерімен қоршалып тұрады, бұлардың алғашқысының мынадай бірсыпыра атрибуттары болуы мүмкін:

```
<TR ALIGN="align" BGCOLOR="#rrggbb"
  BORDERCOLOR="#rrggbb"> Кесте жолы... </TR>
```

Енді <TR> тәгінің атрибуттарына тоқталайық.

ALIGN – жол шеттерін туралау. Оның мүмкін мәндері LEFT (келісім бойынша), CENTER, RIGHT.

BGCOLOR жолдың ішкі фон түсін анықтайды (он алтылық RGB форматындағы сан немесе ағылшын тіліндегі белгіленген түс атауы).

BORDERCOLOR – жол жақтауларының түсі (он алтылық RGB форматындағы сан немесе ағылшын тіліндегі белгіленген түс атауы). Бұл атрибут <TABLE> тәгінің BORDER атрибутының мәні нөлге тең болмағанда ғана қолданылады.

Кесте жолындағы бағаналар (ұялар) <TD> </TD> және <TH> </TH> тәгтерімен төмендегі ережеге сәйкес анықталады:

```
<TD ALIGN="align" BACKGROUND="url" [BGCOLOR="#rrggbb"
  BORDERCOLOR="#rrggbb" ] > Бағана... </TD>
```

<TD> және <TH> тәгтерінің мынадай атрибуттары болады:

ALIGN – мәтінді горизонталь бағытта туралау. Оның мүмкін мәндері: LEFT, CENTER (келісім бойынша), RIGHT.

BGCOLOR – фон түсі (он алтылық RGB форматындағы сан немесе ағылшын тіліндегі белгіленген түс атауы).

BORDERCOLOR – ұя жақтауларының түсі (он алтылық RGB форматындағы сан немесе ағылшын тіліндегі белгіленген түс атауы). Бұл атрибут <TABLE> тәгінің BORDER атрибутының мәні нөлге тең болмағанда ғана қолданылады.

COLSPAN – бағаналар тақырыбына арналған жол (ұя) ішінде орналасатын бағаналар саны.

Енді мысалдар қарастырамыз.

```
<table bgcolor=#FFA000 border="1" bordercolor="blue">
  <caption>Бөлімдер қызметкерлері</caption>
  <tr><th>Ақпарат бөлімі</th>
    <th>Программалау бөлімі</th>
    <th>Алгоритмдеу бөлімі</th> </tr>
  <tr><td>Дәурен С.</td> <td>Алмагул Б.</td>
    <td>Бекзат Б.</td> </tr>
  <tr><td>Дархан С.</td> <td>Фани Б.</td>
    <td>Гүлзат Ф.</td></tr>
  <tr><td>Мәулен А.</td> <td>Азат Б.</td>
    <td>Алтын С. </td></tr>
</table>
```

Ақпарат бөлімі	Программалау бөлімі	Алгоритмдеу бөлімі
Дәурен С.	Алмагул Б.	Бекзат Б.
Дархан С.	Ғани Б.	Гүлзат Ғ.
Мәулен А.	Азат Б.	Алтын С.

4.1-сурет. Қарапайым кесте бейнесі

Кесте жолдарының ең негізгі екі атрибуты – align және valign жиі қолданылады. Олар ұядағы мәтінді көлденең және тік (вертикаль) бағыттарда туралайды, келесі мысалда align атрибуты қолданылған.

```
<table bgcolor="green" border="1">
  <tr bgcolor="yellow" align="center"><th>Жылдары</th>
    <th>Кофе ішетіндер</th><th>Шәй ішетіндер</th></tr>
  <tr
align="right"><th>1980</th><td>65%</td><td>35%</td></tr>
  <tr
align="right"><th>1990</th><td>60%</td><td>40%</td></tr>
  <tr align="right"><th>2000</th><td>45%</td><td>55%</td></tr>
</table>
```

Жылдары	Кофе ішетіндер	Шәй ішетіндер
1980	65%	35%
1990	60%	40%
2000	45%	55%

4.2-сурет. Оң жақ шетке тураланған мәндері бар кесте мысалы


Кейде бірнеше ұяларды жолдар немесе бағаналар бойынша біріктіруге тура келеді. Ол үшін COLSPAN және ROWSPAN атрибуттарын, олардың мәндерін өзгерте отырып пайдалану қажет. Келесі мысалда ағылшын тіліндегі to be етістігінің жіктелу мысалы көрсетілген.

```
<table border="1" bgcolor="yellow" align="center" cellpadding="3" width="252">
<caption> <b><em>to be</em></b> етістігінің жіктелуі:</caption>
<tr> <th>&nbsp;</th> <th> <em>to be</em> мәні</th> </tr>
<tr> <th>i</th> <td align="center" >am</td> </tr>
<tr> <th>you</th> <td align="center" rowspan="3">are</td></tr>
```

```

<tr> <th>we</th> </tr>
<tr> <th>they</th> </tr>
<tr> <th>he</th> <td align="center" rowspan="3">is</td> </tr>
<tr> <th>she</th> </tr>
<tr> <th>it</th> </tr>
</table>

```



4.3-сурет. Біріктірілген ұялары бар кесте бейнесі

Ескерту. Ұяларды бос қалдыру кезінде оның ішіне «бөлінбейтін бос орын» (sp) кодын жазып кету керек. Мысалы, <td> sp</td> коды кестеде бос ұя жасайды.

Тапсырмалар

1. Төмендегі 4-1 мысалды теріп, нәтижесін қарап шығындар да, оған бірсыпыра өзгерістер енгізіндер:

```

<TABLE ALIGN=CENTER BORDER=3 WIDTH="80%"
  BGCOLOR=YELLOW BORDERCOLOR=BLUE>
  <CAPTION> <H2> Кесте тақырыбы </H2></CAPTION>
  <TR><TD> кестенің бірінші торы </TD>
    <TD> кестенің екінші торы </TD> </TR>
  <TR><TD> кестенің бірінші торы </TD>
    <TD> кестенің екінші торы </TD></TR>
</TABLE>

```

а) 1-жолдың фонын ақшыл (<TR BGCOLOR=SILVER>), сұр түске түрлендіріндер.

ә) жақтаулар (бордюрді) қалыңдығын, ұялардағы мәтінді өзгертіңдер, т.с.с.

2) Келесі 4-2 мысалды теріп, нәтижесін қарап шығындар да, оған бірсыпыра өзгерістер енгізіндер:

```

<TABLE ALIGN="RIGHT" BORDER="3" BORDERCOLOR="Blue"
  WIDTH="80%">
  <CAPTION ALIGN="RIGHT"> Тақырып кестенің оң жақ жоғарғы

```

```

                бұрышына шығады </CAPTION>
<TR> <TH COLSPAN="3"> Бағана тақырыбы </TH> </TR>
<TR ALIGN="RIGHT" BGCOLOR="yellow">
    <TH>1 бағана</TH> <TH> 2 бағана </TH>
    <TH> 3 бағана </TH> </TR>
<TR> <TD> 1 бағана мәліметтері </TD>
    <TD> 2 бағана мәліметтері </TD>
    <TD> 3 бағана мәліметтері </TD>
</TR>
</TABLE>

```

- а) Екі жолға да тағы бір бағана қосыңдар;
- ә) Тағы екі жол қосыңдар;
- б) Тордағы мәтін сөздерін, кесте жолының фонын, жеке ұялардың да ішкі фонын өзгертіңдер;
- в) Тақырып түсін өзертіндер, т.с.с.
- г) Кесте алдында, тақырыптан соң және кесте соңында түрлі түсті көлденең сызықтар жүргізіңдер.

Бақылау сұрақтары

1. <TABLE> тәгінің қызметі мен атрибуттары.
2. <TR> тәгінің қызметі мен атрибуттары.
3. <TD> және <TH> тәгтерінің жұмысы мен атрибуттары.
4. BGCOLOR параметрінің қызметі, ол қандай тәгтерде қолданылады?
5. WIDTH параметрінің қызметі, ол қандай тәгтерде қолданылады?
6. TOP, MIDDLE, BOTTOM мәндерінің қызметі, ол қандай тәгтерде, атрибуттарда қолданылады?
7. BASELINE мәнінің қызметі, ол қандай тәгте, атрибутта қолданылады?
8. Кесте жолының ішкі фон түсін анықтау қалай атқарылады?
9. COLSPAN параметрінің қызметі, ол қандай тәгтерде қолданылады?
10. ROWSPAN параметрінің қызметі, ол қандай тәгтерде қолданылады?
11. ALIGN мен VALIGN атрибуттарының қызметі мен мәндері.
12. Кестенің жақтау сызықтарының қалыңдығын өзгерту қалай жүргізіледі?